

ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ 2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ 1 ТОҚСАН БОЙЫНША ЕСЕБІ

Психологиялық қызметтің 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспарына сүйене отырып, **қыркүйек, қазан айында диагностикалық бағыты** бойынша оқушылардың психологиялық – әлеуметтік жеке картасын дайындаудан басталды. Сұраныс бойынша жекелеген оқушылардың әлеуметтік жағдайлары зерттеліп, хаттама толтырылды.

1 және 5 сынып оқушыларының бейімделуі бойынша есебі.

Мектеп қабырғасына қабылданған 1 сынып оқушыларын мектепке бейімделу жағдайын анықтау үшін зерделеу жұмыстары жүргізілді.

Оқушылармен төмендегі бағыттар бойынша жұмыстар жүргізіледі:

- **Диагностикалық**

1. **Мақсаты:** Оқушылардың мектеп өміріне бейімділік деңгейін анықтау, таным процестерін да«Керн-Йерасек» тесті *(Баланың мектептегі оқуға дайындық деңгейін анықтау)*
2. Танымдық процестерді анықтауға арналған диагностикалық әдістемелер жиынтығы.
3. Оқушыларды бақылау, сабақтарына қатысу.

- **Ағартушылық**

Мақсаты: Топпен практикалық жұмыс, ата-аналардың психологиялық білімдерін жоғарылату, ата-аналарға «Бірінші сынып оқушыларының мектепте оқуға бейімделуі» тақырыбында жиналыс өткізу;

- **Түзету-дамытушылық**

Мақсаты: Айына бір рет /қыркүйек-желтоқсан/ тренингтер ұйымдастыру, оқушылар бойындағы эмоционалды қысымды шығару, өз-өзіне сенімділік деңгейін арттыру;

- **Кеңес беру**

Мақсаты: Ата-аналарға кеңестер беру, жеке және топтық кеңестер беру сұраныс бойынша



1 «А» сыныбы бойынша

Мектепке дайындығы жоғары 4 оқушы

Орманбек Хамза, Бектобай Ару, Әбдуали Айәділ, Құрман Нұрислам

Мектепке дайындығы орташа 2 оқушы

Бірлік Нұрай, Бегділда Әдемі

Мектепке дайындығы төмен оқушы - жоқ

Қорытынды: 1 сынып бойынша 6 оқушы қатысты. 4 бала мектепке толық дайын

Дайындығы орташа -2, орташадан төмен-жоқ.

Ұсыныс: анықталған орташа және орташадан төмен оқушылармен қосымша сынып жетекшімен бірлесе отырып сабақтар өткізу. Мектепке дайындығы орта және таным процестері төмен оқушылармен сынып жетекші қосымша жұмыстар және ата-анасымен тығыз байланыста жұмыс жасауы тиіс. Мектеп психологы үнемі оқушылармен әңгіме, сұхбат жүргізіліп, кеңестер беріп отырсын.

Педагог-психолог: Берікбай Ж.Б

1 «Б» сыныбы бойынша

Сыныпта барлығы 7оқушы; 4қыз және 2ұл

Мектепке дайындығы жоғары 3 оқушы

Беруашвили Мирон, Сеитова Камалия, Трехлебова В

Мектепке дайындығы орташа 2 оқушы

Масленникова В, Шордорова А.

Мектепке дайындығы төмен 2 оқушы

Корейба Э, Тулепберген Е.

Ұсыныс: анықталған орташа және орташадан төмен оқушылармен қосымша сынып жетекшімен бірлесе отырып сабақтар өткізу. Мектепке дайындығы орта және таным процестері төмен оқушылармен сынып жетекші қосымша жұмыстар және ата-анасымен тығыз байланыста жұмыс жасауы тиіс. Мектеп психологы үнемі оқушылармен әңгіме, сұхбат жүргізіліп, кеңестер беріп отырсын.


5А және Б сыныптарының бейімделуін анықтау бойынша төмендегідей жұмыстар жүргізілді;

1. Оқушылардың мотивация деңгейін анықтау
2. Пәндер бойынша сабақтарға қатысу
3. Оқушылардың ойлау процестерінің деңгейін зерттеу
4. «Баспалдақ» «социометрия» «филипстің мазасыздық тестті» алынды.

Алынған әдістемелер бойынша 5а және 5б сынып оқушыларының бейімделу деңгейлері орташа.

5 «а»және «б» сыныпта жыл басынан 16оқушы оқиды.

Жоспарға сәйкес оқушылардың орта буынға бейімделуін анықтау мақсатында зерттеу жұмыстары алынды. Оқушылардың бейімделуі қалыпты.



Оқушылардың ерік-жігер сферасының даму деңгейін анықтау

«Графикалық диктант» проективтік әдістемесі. Д. Б. Эльконин 1-4 сыныптардан тест алынды.

Оқушыларының жеке эмоционалық жағдайын, агрессия деңгейін зерттеу, бақылау.

«Кактус», «Әлемде жоқ жануар» әдістемесі 6,7 және 8 сынып оқушыларына өткізілді



06.09.2023 жылы 6-7сынып оқушыларымен "Отбасы құндылығы" тақырыбында ашық сабақ өткізілді .

Сабақтың мақсаты;Отбасы құндылығы түсініктерді, отбасы туралы ұғымдарды кеңейту.Оны сүйе білуге,құндылықтарын сақтауға үйрету.



20.09.2023жылы мектебімізде "Дара" психологиялық клубы ашылды. Клубта барлығы 15оқушы

Клубтың мақсаты: мектеп оқушыларының психологияға қызығушылығын арттыру,клуб міндеттерін жүзеге асыру үшін психологиялық дамытушы кеңістік құру,психологиялық көмек көрсету.

Міндеттер:

1. Жасөспірімдердің өмірлік қиындықтары мен мәселелерін шешуге, өзін-өзі тануға, өзінің және өзгенің құндылығын іздеуге арналған алаң құру;

2. Жасөспірімдердің өзіне-өзі көмек көрсету, өзара көмек көрсету және кәсіби көмек көрсету түріндегі қолдауын алуын қамтамасыз ету;
3. Психикалық денсаулықты, эмоционалдық интеллекті, қарым-қатынасты нығайтуға, өмірлік қиындықтарды шешуге бағытталған өмірлік дағдыларды қалыптастыру;
4. Оқушыларға психологиялық тәрбие беру және психология ғылымына қызығушылықтарын арттыру;
5. Жасөспірімдер тұлғасының тұлғалық, интеллектуалдық және шығармашылық әлеуетін дамыту
6. Өзара әрекеттестіктің әлеуметтік-психологиялық дағдыларын үйрету.



86 және 96 сынып оқушыларына "Буллинг және Кибербуллинг" тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

Мақсаты: Буллинг сөзінің мағынасын ашу және таныту.

Жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларының алдын алу. Сынып ұжымын сыйластыққа, бір-біріне қолдау көрсете білуге үйрету.



Тренинг тақырыбы "Қоршаған дүние қандай әдемі"

Мақсаты: Оқушылардың аутодеструктивті(суицид) мінез-құлқының алдын алу.Қатысушылар 7а-8а сынып оқушылары



27.10.2023 жылы сағат 16:00 де 9,6 сынып оқушыларының ата-аналарымен "аутодиструктивті мінез-құлыққа" арналған тренингтер және "Баланың бас ұстазы-ата-ана" тақырыбында сабақ өткізілді.



ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ 2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНННЫҢ 2 ТОҚСАН БОЙЫНША ЕСЕБІ

Психологиялық қызметтің 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспарына сүйене отырып, 2тоқсанда диагностика, түзету дамыту, кеңес беру және алдын алу,ағарту бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілді.

1.1.02.11.2023 жылы Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасы бойынша 1А,2А және 4А бастауыш сынып ата-аналарына «Отбасы – бақыт мекені»тақырыбында сабақ және «Отбасы мен үшін...» тақырыбында тренинг өткізілді.

Мақсаты: Топта достық атмосфераны орнатуға ықпал ету,ата-аналармен диалог құру,өз балалары туралы жағымды пікір тудыру,эмоционалдық стрессті жеңілдету.



2. 2.09.11.2023 жылы 5Б сынып оқушыларының ата-аналарына балалардың бейімделуіне көмектесейік тақырыбында дөңгелек үстел және «Мы вместе»тақырыбында тренинг өткізілді.

Мақсаты: 5 сынып оқушыларының бейімделуіне көмектесу

Балалардың күн тәртібін қадағалау

Ата-аналардың эмоциялық әл-ауқатын жақсарту


Қатысқандар: 5 ата-ана.



3. 10.11.2023 жылы сағат 17-00де 4Б және 3Б сынып ата-аналарына « Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасы » бойынша «Радость познания как памочь ребенку учиться с удовольствием» тақырыбында сабақ және «Мы вместе» тақырыбы бойынша тренинг сабағы өткізілді.

Мақсаты: Ата-аналардың мектепте табысты оқу процесі үшін балалардың танымдық дағдыларын дамытуға дайындығын қалыптастыру

Ата-аналардың эмоциялық әл-ауқатын жақсарту.



4.10.11.2023 жылы «Зорлық зомбылықсыз балалық шақ »атты Республикалық акциясы бойынша 5Б сынып оқушыларымен «Как прекрасен этот мир » атты тренинг өткізілді.

Мақсаты: Оқушылар арасындағы зорлық зомбылықтың алдын алу
Оқушыларды татулыққа,мейірімділікке баулу.

Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу.



5.16.11.2023 жылы 5А және 6А сынып оқушыларына «Өмірдің қауіпті қырлары және оларды жеңу жолдары» тақырыбында тренинг өткізілді.

Мақсаты; Оқушылардың аутодеструктивті мінез-құлықтарының алдын алу.

Міндеттері;

Жасөспірімдердің өмірлік оқиғаларды әртүрлі көзқараспен талдауға үйрету.

Кез келген жағдайда мінез-құлықтың әртүрлі нұсқаларын іздеуге үйрету.

Өмірді оның барлық көріністерімен бағалай білуге үйрету.

Өмірге деген оң көзқарасты қалыптастыруға ықпал ету.



6.22.11.2023 жылы 5А сынып оқушыларына «Мейірімділік жүректе » тақырыбында тренинг өткізілді.

Мақсаты:

Оқушылардың мейірімділік, қайырымдылық құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту.

Міндеттері:

Мейірімділіктің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру

Өзара сыйластық қарым-қатынасты дамыту

Мейірбандыққа тәрбиелеу.



7. 23.11.2023 жылы 2А – 4А сынып оқушыларына «Зорлық зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

Мақсаты: Оқушылар арасындағы зорлық зомбылықтың алдые алу

Оқушыларды мейірбандыққа тәрбиелеу



8. 15.11.2023 жылы «Сенім жәшігі» мектептің I қабытының фойесінде қойылды.

Мақсаты: білім алушылар мен қызметкердердің құқықтарын қорғау, қылмыс, құқықбұзушылық және сыбайлас жемқорлық пен зорлық -зомбылық фактілерімен күресу, алдын алу.

Негізгі міндеттері

«Сенім жәшігі» жұмысының негізгі міндеттері:

- 1) оқушының құқығы бойынша берілген өтініштерін жедел түрде тіркеу және қарау, сонымен қатар мектептегі оқу-тәрбие жұмысының жүргізілуіне ұсыныс білдіру.
- 2) өтініштерді қарау ҚР заңнамасына сай шараларды қабылдау;

- 3) сенім жәшігіне келіп түскен өтініштерді талдау, өтініштегі мәселені болдырмау мақсатында шаралар қолдану;
- 4) оқушының мәселесін жедел түрде шешіп, қарастыру.



9. 29.11.2023 жылы 5-10 сынып оқушыларына «Қоғамдағы өмір сүру нормалары» тақырыбында әңгіме «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу » атты бейнеролик көрсетілді.

Мақсаты: Оқушылардың қоғамдық орындарда өздерін дұрыс ұстауға үйрету
Оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу
Жаман әдеттерге әуес болмауға шақыру.



10. 10.12.2023 жылы 9Б сынып ата-аналарына «Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасы» бойынша «Позитивті ата-ана» «Оқытудың жаңа шарттары» тақырыбында сабақ өткізілді.



11. 9-сынып оқушыларына «Мамандық-болашаққа бастар жол» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларға мамандық таңдау, олардың негізгі түрлері, таңдау әдістері туралы білімдерін, түсініктерін кеңейте отырып, қызығушылықтарын арттыру, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.



12. 4 «Б» сынып оқушыларымен «Детства без жестокости и насилия» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

Сабақтың мақсаты:


Оқушылар арасындағы зорлық зомбылықтың алдые алу

Оқушыларды мейірбандыққа тәрбиелеу



Диагностикалық жұмыстар

1. Оқушылардың жеке эмоциялық жағдайын, агрессия деңгейін зерттеу, бақылау бойынша 1-4 сынып оқушыларынан «Кактус» «Әлемде жоқ жануар» әдістемелері алынды.



2. Оқушылардың мазассыздық, өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау бойынша 5-сынып оқушыларынан «Филипс» тесті алынды.
3. Оқушылардың өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау үшін 10-сынып оқушыларынан Г.Н.Казанцева әдістемесі алынды.
4. Оқушылардың агрессия деңгейін және оның түрін анықтау мақсатында 5А-5Б сынып оқушыларынан «Басса-Дарки» әдістемесі алынды.

Қараменді батыр ауылының жалпы білім беретін мектебінің

Педагог-психологінің 3 тоқсан бойынша есебі

1. Оқушылардың мектептегі мотивация деңгейін бағалау мақсаты бойынша ЛУсканова Н.Г сауалнамасы 5-8 сынып оқушыларынан алынды.
2. 7-сынып оқушыларынан «Әлемде жоқ жануар»проективті тесті алынды.
Мақсаты оқушылардың тұлғасын зерттеу.
3. 4-сынып оқушыларының бойындағы мазассыздық деңгейін анықтау мақсатында «Филипс » тестті алынды
4. **1. 06.01.2024 жылы 1 «Б» және 2 «Б» сынып ата-аналарына «Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасы» бойынша Баланы жастан...**
Бала бойындағы тапқырлық пен эрудицияны қалай дамытуға болады?
Тақырыбында тренинг пен сабақ өткізілді.
Мақсаты: Үйде балаларда тапқырлық пен эрудицияны дамытуға бағытталған зияткерлік ойындар мен жаттығуларды қолдануда ата-

аналардың дағдыларын дамыту.

Міндеті:

1. Ойындар – баланы дамытудың негізгі құралы.
2. Интеллектуалды ойындар және олардың бала бойындағы тапқырлық пен эрудицияны дамытуға әсері.
3. Балалар мен ата-аналарға арналған ұлттық және отбасылық интеллектуалдық ойындар.
4. Баланың тапқырлығы мен эрудициясын дамытуда отбасы мен мектептің өзара әрекеті.



5. 9 сынып ата-аналарына «Отбасындағы кәмелетке толмағандарға қатыгездік жағдайларының алдын алу» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Мақсаты:

-Отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу

- Зорлық-зомбылық түрлерін анықтау
- Баланың қажеттіліктерін елемедің алдын алу



6. 15.01.2024 ж Мектебімізде психология апталығы аталып өтілді. Мақсаты Оқушылардың психологиялық мәдениетін қалыптастыруға жағдай жасау, оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтауға және нығайтуға ықпал ету.



Көңілді Үзіліс



7. 7-8 сынып оқушыларына «Мамандықтар әлемі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Мақсаты: оқушыларға болашақ мамандық және оқу бағдарын таңдауда көмектесу, мамандық әлемі және оның ерекшеліктері туралы дүниетанымын кеңейту; оқушылардың өмір туралы, мамандықтар туралы көзқарасын дамыту, алдағы уақытта мамандық таңдауда дұрыс жолда болуына себепкер болу, таңдаған мамандығының өз бейімділігі мен қабілетіне сәйкес келуін нақтылау, өз - өзін танудың жалпы әзірлігін қалыптастыру

мамандық таңдау мәселесін белсенді арттыру, мамандық әлемі туралы ақпарат алу арқылы және өзін тану шекарасын кеңейту арқылы мамандық бағытын таңдауда жауапты шешім қалыптастыру.


Міндеті:

Мамандықтарды талдай және таңдай білуге үйрету;

Оқушыны өзінің қабілетін, бейімін, қызығушылығын мамандыққа сай тани білуге үйрету;

Оқушылардың бағдары мен құндылықтары туралы мәлімет беру;

Оқушылардың құптап отырған мамандықтарына бағыт беру.



Қараменді батыр ауылының жалпы білім беретін мектебінің

Педагог-психологінің 4 тоқсан бойынша есебі

5-8 Сынып қыздарына «Ерте жүктілік және оның адам өміріне зияны» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Мақсаты; Әлемде, жалпы елімізде болып жатқан келеңсіз оқиғалардың алдын алу және қыз балалар арасында кездесетін ерте жүктілік, оның денсаулыққа қаншалықты зиян екендігін түсіндіре отырып қыз бала тәрбиесіне дұрыс көңіл бөлуге ақыл-кеңестер беру.



8. Алғыс айту күніне орай 7-8 сынып оқушыларына «Өмірге риза бол, Алғыс айт!» тақырыбында тренинг өткізілді.

Мақсаты: Ата - аналармен еркін қарым - қатынас жасай отырып, «алғыс айту», «ризашылық білдіру» ұғымдарының мәні мен маңызының тікелей адамға немесе айнала қоршаған ортаға тигізетін әсерін ұғындыру. Басқа адамдармен түсінісуге дағдыландыру. Кеңпейілділікке, адамгершілікке, өзара түсіністікке, тындай білуге тәрбиелеу.

Түрі: Тренинг

Әдіс - тәсілдері: сұрақ - жауап, топпен жұмыс

Көрнекті құрал - жабдықтар: мультимедия, түрлі - түсті қағаз.




9. ББЖМ тапсыратын 9 сынып оқушыларының ата-аналарына тестілеу кезінде балаларға аса қолдау керектігі айтылып жиналыс өткізілді.

Мақсаты; Тестілеу кезінде баланы қолдау

Баланың өзіне деген сенімділігін арттыру, мотивация беріп отыру

Баланың тамақтануына, уақытылы тынығуына көңіл аудару

Тестілеу нәтижесінің жақсы көрсеткіште болуына жағдай жасау.



08.04.2024 ж Бүкіл ұлттық денсаулық күніне орай «Психологиялық денсаулығымызды сақтайық» тақырыбында мұғалімдерге тренинг сабақ өткізілді.



н алд
гелен

Дөңгелек үстел барысында **Емтиханға дейін және барысындағы іс - әрекетіне нұсқаулар:**

Емтиханға бір күн қалғанда ештеңе жасамауға тырыс. Егерде бір тақырыпты аяғына дейін оқымаған болсаң, оқуға да тырыспа.

Емтихан алдында міндетті түрде ұйқыңды қандыр.


Міне, сынып есігіңнің алдындасың! Сабырлан! «Мен сабырлымын! Мен толық сабырлымын!» - деп бірнеше рет қайтала. Алғашқы лекпен жауап беруге тырыс. Мазасызданған сыныптастарыңның қасында көбірек болсаң, қорқыныш, сенімсіздік сезімі билеп, стресс күшейе түседі.

Өз эмоцияларыңды ретке келтіріп, ойыңды жинақта.

Сыныпқа сеніммен кір, бәріде ойдағыдай болады.

Жайланып отыр, арқанды түзе. Өзіңді бәрінен биік, ақылды айлакер және бәріде ойдағыдай болады деп ойла. «Мен сабырлымын! Мен толық сабырлымын!» деген сөздерге зейініңді шоғырландыр, сонымен қатар асықпай бірнеше рет қайтала. Ойларыңнан арылуға тырыспа, себебі одан сайын мазасыздықты күшейтеді. Соңында жұмылдырығыңды қатты қыс


Сонымен қатар дұрыс тамақтану, ұйқының дұрыс болуы, көңіл-күйдің дұрыс болуы жайлы айтылды.



Тренинг мақсаты;

Оқушыларды психологиялық тұрғыдан дайындау

Емтихан алдында көңіл күйді көтеру



2023–2024 оқу жылында педагог-психологтың жұмысы жоспарға сәйкес жүргізілді. Оқу жылы барысында оқушылармен, ата-аналармен және мұғалімдермен диагностикалық, түзету-дамыту, ағартушылық және кеңес беру бағыттарында түрлі іс-шаралар өткізілді. Оқушылардың мектепке бейімделуі, танымдық және эмоциялық даму деңгейлері анықталып, бейімделу көрсеткіштері қанағаттанарлық деңгейде болды. Ата-аналар мен педагогтарға арналған тренингтер мен дөңгелек үстелдер ұйымдастырылып, психологиялық мәдениетті арттыруға ықпал етті. Жүргізілген жұмыстар мектеп ұжымындағы қолайлы психологиялық ахуалды қалыптастыруға және оқушылардың тұлғалық дамуына оң әсерін тигізді.